



ЦИТАТА ДНЯ

Мунар АЙТЖАНОВ,

НАЧАЛЬНИК УПРАВЛЕНИЯ
ЛОГИСТИКИ ПЕРЕВОЗОК ДЕПАРТАМЕНТА ПОГРУЗКИ И ВЫГРУЗКИ
ПОДВИЖНОГО СОСТАВА АО
«КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ»:

ПО ОТНОШЕНИЮ К ПРОШЛОМУ ГОДУ НАБЛЮДАЕМ СНИЖЕНИЕ ПОРОЖНИХ ВАГОНОВ ДРУГИХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ АДМИНИСТРАЦИЙ, НЕ ВОСТРЕБОВАННЫХ В ПОГРУЗКЕ, БОЛЕЕ ЧЕМ НА 3 ТЫСЯЧИ ЕДИНИЦ РАЗНЫХ ТИПОВ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА

АҚПАРАТ

ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ бірқатар жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесіне өзгерістер енгізілгенін хабарлайды. Сәуірден бастап кестеге енгізілетін жаңа бағдарлар төмендегідей.



Атап айтқанда, биыл 1 сәуірден бастап «Тұлпар-Тальго» вагондарынан тұратын жаңа №19/20 «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Атырау» жүрдек пойызы тақ күндері Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол станциясынан жөнелтілмек. Ал 3 сәуірден бастап №54/53 «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Достық» бағытындағы жолаушылар пойызының қатынау жиілігі аптасына 2 ретке көбейтіліп, елордадан жұма және дүйсенбі күндері жөнелтілетін болды. Сонымен қатар мереке күндеріне орай «Алматы-2-Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол» бағытындағы «Тұлпар-Тальго» вагондарынан тұратын жолаушылар пойызына қосымша ретінде Алматы-2 станциясынан 25, 26, 27, 28, 29, 30 наурызда, ал Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол станциясынан 26, 27, 28, 29, 30, 31 наурызда жөнелтілетін қосымша 6 рейс іске қосылмақ.

Сондай-ақ, сәуірдің бірінен бастап «Алматы-2-Нүкіс» бағытындағы жолаушылар пойызының бағдары Сарыағаш станциясына дейін қысқартылады және Алматы-2 станциясынан тақ күндері жөнелтіліп, күн ара қатынайтын болады. Бұған қоса 2 сәуірден бастап тасымалдаушысы «Отран Logistic» ЖШС болып табылатын «Маңғыстау-Ақтөбе» бағытындағы жолаушылар пойызының және Өзбек темір жолы құрастырған «Мискен-Бейнеу» бағытындағы жолаушылар пойызының құрамында «Маңғыстау-Нүкіс-Маңғыстау» бағытында тікелей қатынайтын вагондар, 1 сәуірден бастап «Алматы-2-Алтынкөл» бағытындағы және №91/92 «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Қызылорда» бағытындағы жолаушылар пойыздары қатынастан алып тасталады. «Алматы-2-Петропавл» бағытындағы жолаушылар пойызы Алматы-2 станциясынан 25, 26, 27, 28, 29, 30 наурызда, ал Петропавлдан 26, 27, 28, 29, 30, 31 наурызда уақытша тоқтатылады.

Ұлан ОРАЗ

БРИФИНГ

СТАВКА НА СЕРВИС

АО «НК «ҚТЖ»» делает ставку на улучшение сервиса, обновление подвижного состава и увеличение грузооборота. Об этом на брифинге, прошедшем на площадке ФНБ «Самрук-Қазына», рассказал председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Сауат Мынбаев, а также о новшествах в работе АО «Пассажирские перевозки».

Асель ШАЙХЫНОВА

Парк АО «Пассажирские перевозки» составляет 2240 вагонов. До 2029 года будут выведены из эксплуатации порядка 945 вагонов по сроку службы. С 2020-го по 2029 год планируется провести комплекс мероприятий по модернизации и обновлению парка подвижного состава. Для выполнения выбывающего парка компанией утверждена Стратегия обновления пассажирского подвижного состава до 2029 года.

– Предполагается приобретение 100 новых вагонов. В прошлом году мы обновили четыре состава вагонами производства Тверского завода, – отметил глава АО «НК «ҚТЖ».

Кроме того, в рамках стратегии в ближайшие 4 года будет проведен капитально-восстановительный ремонт 209 пассажирских вагонов, из них 77 современных комфортабельных вагонов – в текущем году.

– Мы часто слышим о недовольстве наших пассажиров некачественным сервисом, старыми вагонами, антисанитарией, нехваткой билетов, спекуляциями и коррупцией в поездах. Такие проблемы есть, – сказал Сауат Мынбаев.

В прошлом году поэтапно обновлены постельные принадлежности в поездах. Согласно новым международным стандартам

улучшились характеристики и износоустойчивость постельного белья.

– Разработаны новые международные стандарты. В середине прошлого года проведен тендер. К 1 ноября, а по некоторым направлениям к середине ноября, поезда были экипированы новым мягким съемным инвентарем, – подчеркнул Сауат Мынбаев.

В АО «Пассажирские перевозки» пересмотрен стандарт по внутреннему клиниту и оснащению санитарно-гигиеническими средствами пассажирских поездов. Они будут применены с мая текущего года. Это позволит повысить уровень чистоты.

Сауат Мынбаев во время брифинга прокомментировал и вопрос, связанный с привлечением немецких специалистов компании Deutsche Bahn, при активном участии которых в положительном русле прошли переговоры с Patentes Talgo.

Он сообщил, что после сборки оставшихся 62 вагонов на заводе «Тальго» их закуп в Казахстане будет остановлен по экономическим причинам. Это малое количество посадочных мест (от 8 до 20 мест), не позволяющее обеспечивать массовые пассажирские перевозки, высокая стоимость и затраты на обслуживание.

– На сегодняшний день у нас в парке 570 вагонов «Тальго». Они будут оставаться в эксплуатации. Глава нацкомпании рассказал



о мерах по недопущению вспышки коронавируса, отметив, что несмотря на то, что из-за вспышки инфекции Казахстан не останавливает грузовые перевозки с Китаем, тем не менее, в феврале транзит снизился на 39%.

– Из-за коронавируса мы остановили пассажирское сообщение, но есть грузовые бригады, кото-

рые пересекают границу. С ними проводятся соответствующие процедуры санитарно-эпидемиологических служб. По контролю людей ясность есть, – сказал он.

В последующие периоды компания будет работать над наращиванием грузооборота.

Фото Александра ЖАБЧУКА
(Продолжение темы на 2 стр.)

ӨРІПТЕСТІК

МАҚСАТ – «БОРТ» ЖҮЙЕСІН ЖЕРСІНДІРУ

Кеше «ҚТЖ» ҰК «АҚ Басқарушы директоры – бас инженері Батыр Котырев, «С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ бас директоры Аманкелді Арғымбаев және «Транстелесофт» ЖШҚ бас директоры Евгений Белоусов теміржол өнімдерін тиімді өндірушілерді қолдау саласына қатысты ұшжақты келісімге қол қойды.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Сонымен қатар, «С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ және «Транстелесофт» ЖШҚ арасында Қазақстан Республикасы аумағында қауіпсіздік жүйелерінің аспаптарын өндіру бойынша екіжақты келісімге қол қойылды. Маңызды құжаттарға қол қоймас бұрын елордада екі күн қатарынан аталған зауыттардың өкілдерінің қатысуымен Қазақстан аумағында «БОРТ» қозғалыс қауіпсіздігі локомотивтік борттық жүйе өндірісін локализациялау, яғни жерсіндіру мәселелеріне қатысты кеңес өткен болатын. Кездесу барысында «ҚТЖ» ұлттық компаниясы басшылығы мен мамандары теміржол өнімдерін өндіруші кәсіпорын өкілдерімен ынтымақтастық бағытын талқылап, ел аумағында БОРТ жүйесінің жергілікті мазмұнын локализациялау жағдайын белгіледі.

– Біздің бүгінгі кездесудің басты тақырыбы отандық өндірушілерді, соның ішінде, теміржол өнімдерін тиімді өндірушілерді қолдау болып табылады. Оның жарқын үлгісі ТМД елдерінің нарығында «Транстелесофт» ЖШҚ өкілдігі, Қазақстан нарығында «С.М.Киров атындағы зауыт» компаниясы болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ негізгі тапсырыс беруші ретінде инновациялық технологияларды өндірушілерді және әлемдік озық жүйелерді енгізуші кәсіпорындарға жан-жақты қолдау білдіреді. Соның бірі – қозғалыс қауіпсіздігінің борттық жүйелерінің жаңа буы-



ны ретінде «БОРТ» жүйесін атар едік. Оның базасында пойыздарды жүргізу жүйелерін автоматтандыру бойынша интегралданған шешім, машинист қырағылын бақылау жүйелері, бейнебақылау және диагностикалау жүйелері жүзеге асып отыр, – деп атап өтті Батыр Котырев.

Кеңес регламентіне сәйкес бірінші болып БОРТ жүйесін магистральдық және маневрлік тепловоздарға енгізу мәселесі талқыланды. Қазіргі таңда «БОРТ» жүйесі маневрлік тепловоздарға орнатылуда екен, нақтысында екі тепловоз жабдықталған. Ал магистральдық жүк тепловоздары мен жолаушылар локомотивтеріне жаңа буынның қауіпсіздік жүйесін енгізу жоспарланып, орнату жұмыстары қолға алынып, ақпараттар жинау

шаралары жүргізілуде екен. Магистральдық электроваздарға келсек, бұл күнде Франциядағы «Альстом» компаниясының инженерлерімен Транстелесофт тарапынан қауіпсіздік жүйесіне қатысты ұсынылған техникалық ақпараттар қаралып, өңделіп жатқанын, әзірге бұл жүйенің орнатылмағаны мәлім болды.

Күн тәртібінде қаралған тағы бір мәселе, «ҚТЖ» ҰК» АҚ локомивтеріндегі АЛСН (үздіксіз әрекет етудің автоматтандырылған локомотивтік сигнализациясы) жүйесін жаңғырту болатын. Оған қатысты Техникалық саясат және реттеу департаментінің директоры Талғат Қанатбаев локомивтерде әлі күнге ескі жүйе АЛСН пайдаланылып келе жатқанын, олар локомивтер паркін түгел жаңартумен қолданыстан шығады

делінгенмен, ескі парк әлі жұмыс істеп жатқандықтан ескі релелік жүйе де қолданыста екенін, бірақ бүгінде олардың қызмет мерзімі біткенін жеткізді. «Біз кеше осы мәселеге қатысты екі зауыттың өкілдерімен техникалық шешімдер қарастырдық. Яғни, АЛСН-ды қосымша диагностикалау, тағысын тағы функциялары бар сандық жүйелермен өндірісті локализациялай отырып, ауыстыру жағын сөз еттік», – деді.

Нарықта он жылдан астам уақыт сервистік қызмет ұсынып отырған «С.М.Киров атындағы зауыт» басшысы А.Арғымбаев рәнділікті жұмыс барысында радиобайланыс, АЛСН, тағысын тағы ескі жүйелерге қызмет көрсетуде кедергілермен жиі ұшырасатынын, осыған байланысты аталған жүйелердің түйткілді тұстарын анықтау және құжаттау үшін техникалық-экономикалық тексеру жүргізу қажеттігін және техникалық шешімдер қабылдау қажеттігін атап өтті.

Келелі кеңес барысында БОРТ жүйелерін арнайы өздігімен жүретін жылжымалы құрамда сынақтан өткізу, аталған жүйені қолдану арқылы рельс тізбектерінің сигналдарын диагностикалау функцияларын енгізу мәселелері де талқыланды. Жиын соңында алдағы мамыр айында «М.С.Киров атындағы зауыт» АҚ-на электрондық компоненттерді локализациялау бойынша көшпелі кеңес өткізуге ұсыныс жасалды.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

НОВОСТИ

ЭКСПОНАТЫ
НА КОЛЕСАХ

Председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Сауат Мынбаев посетил вагоностроительный завод «Тұлпар-Тальго» в Нур-Султане. Здесь АО «Трансмашхолдинг» (ТМХ) представил натурные образцы пассажирской продуктовой линейки руководству и специалистам национального железнодорожного оператора.

– В число экспонатов вошли современные одноэтажные и двухэтажные пассажирские вагоны локомотивной тяги, в том числе построенные по принципу двухвагонного сцепа, почтово-багажный вагон, вагон сопровождения грузовых и хозяйственных поездов, электропоезд городского типа «Иволга», рельсовый автобус РА-3, а также маневровый тепловоз ТЭМ28, – рассказал генеральный директор ТМХ Кирилл Липа.

Оценили подвижной состав эксперты из госструктур, структурных подразделений АО «НК «ҚТЖ», а также частные эксплуатирующие и сервисные компании.

– Здесь много всего предусмотрено для удобства, комфорта и безопасности пассажиров: розетки, сейфы, личные карточки-ключи от купе, камеры видеонаблюдения, в двухэтажном штабом – креативная идея организации пространства для детей, – отметил главный эксперт Управления железнодорожного транспорта Комитета по транспорту Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан Сатжан Убеков.

Напомним, АО «НК «ҚТЖ»» долгие годы активно сотрудничает с ТМХ. В разные годы в Казахстан поставлялись магистральные и маневровые тепловозы, электропоезда переменного тока и пассажирские вагоны локомотивной тяги. Трансмашхолдинг участвует в капитале двух казахстанских предприятий – электровазосборочного завода «ЭКЗ» и тепловозосборочного «ЛКЗ», продукция которых эксплуатируется в странах Центральной Азии и Азербайджане.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

ИЗ КОСТАНАЯ В КИТАЙ

Со станции Костанай отправлен поезд, груженный мукой, по организованному маршруту через территорию Казахстана в направлении Алашанькоу и далее в город Сиань (Китай).



В составе поезда – 42 фитинговые платформы и 84 контейнера. Ценный груз доставляется по принципу «от двери до двери». Состав сформирован на одном предприятии отправителем ТОО «Компания Саламат» и будет доставлен адресату в Китае.

В данный момент поезд проследовал станцию Алашанькоу и продолжает движение по территории соседней страны. Организованные поезда идут по отдельному расписанию, благодаря чему груз приходит быстрее, чем обычным поездом.

– Аналогичные поезда будут отправляться из Костаная на регулярной основе: до конца месяца в Китай отправятся еще четыре таких поезда, а затем ежемесячно по этому пути – по два контейнерных состава с мукой, – сообщил директор Костанайского отделения грузовых перевозок Вячеслав Миронов.

Перевозка груза в контейнерных поездах – это удобно и универсально, так как контейнер можно доставлять по железной дороге (в том числе перегружать с широкой колеи на узкую), затем автомобильным или морским транспортом.

Аслан КУДАБАЕВ
Фото автора

ЦИФРА НОМЕРА

17 млн тонн

УГЛЯ ПЕРЕВЕЗЕНО ПО СЕТИ
АО «НК «ҚТЖ» ЗА ЯНВАРЬ –
ФЕВРАЛЬ 2020 ГОДА

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ



«Вокзалдағы қабылдау» республикалық акциясы аясында Маңғыстау теміржол вокзалында тағы да бір топ құзырлы мекеме өкілдері халықпен кездесті. Бұл жолғы жүздесу тақырыбы халықтың ҚР көші-қон саласындағы заңнамасына сәйкес жүріп тұру мәселесі болды. «Нұр Отан» партиясының, көлік прокуратурасының, теміржол вокзалының, желілік ішкі істер бөлімшесінің өкілдері вокзалға келіп-кетіп жатқан халықтың осы мәселе төңірегіндегі сұрақтарын тыңдап, өз құзыреттері шеңберінде жауап берді. Сондай-ақ Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің мамандары жолаушылар вагондарында біреудің мүлкін ұрлаудың, перрондар мен вокзалда, жалпы теміржол аумағында, онымен жүргенде түрлі тәртіпбұзушылықтар мен құқықбұзушылықтар жасаудың салдарынан хабардар етті.

– Бейнеу арқылы теміржолмен Өзбекстан, Қарақалпақстаннан облыс орталығына, оның маңындағы ауылдарға келіп-кетушілер Маңғыстау вокзалынан өтеді. Сондықтан мұнда шетелдік азаматтар көптеп кездеседі. Іс-шара барысында біз оларға Қазақстан аумағына кіруі және болуы, қанша уақыт мерзімде ішкі істер органына тіркелуі керектігін айтып, түсіндірдік. Егер олар шетелдіктің жүріп тұруы туралы еліміздің заңнамасын бұзатын болса, қандай жауапкершілікке тартылатынын ескерттік, – дейді Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің аға инспекторы Эльвин Әлшадәулы.

Вокзалдағы жолаушылар мамандарға түрлі сұрақтармен жүгінді. Олар өзбек елінен үш ай мерзімге рұқсатпен келген адам Қазақстанда әрі қарай да бұл мерзімді ұзартуға, уақытша мерзімге келген көрші ел азаматының заңды тіркеліп жұмыс істеуге мүмкіндіктері, ҚР азаматтығын қанша уақытта алатындығы туралы да білгісі келді.

Шахизат САРИНА, Маңғыстау Суретті түсірген автор

ҒАСЫР ҚҰРЫЛЫСЫНА АРНАЛДЫ

Семей темір жолында Түркісіб құрылысының 90 жылдық мерейтойына арналған шаралар басталып кетті. Осы орайда теміржолшылардың атсалысуымен қаладағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Тараптарды тоғыстырған – Түркісіб» атты арнайы көрме ашылды.

Экспозициялық көрменің ашылуына Семей магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Айдос Жаманбаев бастаған теміржолшылар қауымы, кәсіподақ және кадр бөлімінің басшылары, сала ардагерлері мен теміржол колледжінің студенттері жиналды.

Ардагер теміржолшы, «Түркісіб-Семей» мұражайының директоры Мақсұт Көшжанов аталмыш шараның мәнаыздылығына кеңінен тоқталды. Өз сөзінде Түркісіб құрылысының ықшам тарихына шолу жасаған Мақсұт Көшжанұлы осынау ғасыр құрылысының қазақ даласына әкелген жаңашылдықтары жайында айтып берді. Атап айтсақ, жаңадан төселген теміржол желісі бойындағы Ақтоғай, Аягөз, Жаңғызтөбе, Жарма, Шар станцияларының құрылуы, теміржолға ұлттық кадр даярлау және Түркісіб дәуірінен бастау алатын бүгінгі Семей теміржолындағы даңқты династиялар жайында тереңнен сыр шертті.

Мұнымен қатар, шежіреге жетік қария Түркісбтің алғашқы жылдарында әр паровоздың орташа тәуліктік жүрісін 500 шақырымға дейін жеткізген «бесқұздіктер қозғалысы» туралы зерттелей жатқанын айтып өтті. Оның ішінде Б.Әжібаева, Д.Ақтаева сынды қазақ ұлтынан шыққан машинист қыз-келіншектер – жеке тақырып.

Семей магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Айдос Кемелханұлы кешегі даңқты Түркісіб құрылысы мен оның ел тарихындағы қосар үлесі жайында пікір білдіріп, осынау ерекше көрмені ұйымдастырудағы теміржолшылардың үлесін атап өтті.

– Бұл көрмені әзірлеуге әсіресе Аягөз жол дистанциясының теміржолшылары үлкен көмек көрсетті. Алдағы уақыттарда да аталмыш бағыттардағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізе беретін боламыз, – деді Айдар Кемелханұлы.

Семей магистральдық желі бөлімшесінің кадр бөлімінің басшысы Данияр Баймағұловтың айтуынша, аталмыш көрмеге жалпы саны 200 жәдігер қойылған. Оның басым көпшілігін желі бойындағы шағын станцияларда қазба жұмыстары кезінде кездейсоқ табылған Түркісіб дәуіріндегі қолданылған тұрмыстық бұйымдар құрайды. Атап айтсақ, латын әрпімен Түркісіб құрылысын салушы теміржолшылардың меншігі екендігі жазылған жез самауыр мен ағаш орындық, ыстық шоқ салынатын темір үтік, сол замандарда әлдекім жоғалтып алған теміржолшы куәлігі және мөр, қайла мен күрек сынды заттар қойылған. Мұның сыртын-да Түркісіб құрылысының барысы жайында хабар беретін сол замандардағы баспасөз парақтары мен тарихи фотосуреттерге де арнайы орын берілiптi. Аягөз қаласындағы мұрағаттан алынған жәдігерлер бұрын еш жерде жарияланбағандықтан аса құнды.

Көрмені тамашалаушы теміржолшылар мен колледж студенттері әсіресе Түркісіб дәуірінен бері қалыптасқан династиялар жайындағы мүйіске ерекше қызығушылық танытты. Онда жалпы еңбек өтілдері 300 жылдан асып-тын аягөздік даңқты теміржолшылар Тұяқовтар мен Тоқтағазиндер әулеттеріне қатысты деректер мол екен.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

ЖЕТІСТІК БАР, КЕМШІЛІК ТЕ ЖОҚ ЕМЕС

Еліміздегі жүк тасымалы көлемінің басым бөлігі ҚТЖ үлесінде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 284 млн тоннаға жуық жүк тасымалдаған. Теміржолдың жалпы жүк айналымындағы үлесі 41% құрап отыр.

Сұлтүгүл БАКЕСОВА

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев бұқаралық ақпарат құралдарына арналған брифингте осындай мәліметтерді келтірді және компанияның қаржылық-экономикалық ахуалы туралы біраз жайттың бетін ашты.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫҚТЫРУ ҚАДАМДАРЫ

Компания басшысының мәліметінше, жалпы өткен жылды ҚТЖ табысты қорытындылап, 2019 жылдағы операциялық пайда 173 млрд теңгені құраған. Бірақ, бұған қарамастан 75 млрд теңге мөлшерінде шығынмен аяқтап отырғанын да жасырмады. «Бұл 2018 жылдың қорытындысына қарағанда 12 млрд теңгеге жақсы көрсеткіш, десек те, қаржылық нәтиже жағымсыз» деген басқарма төрағасы негізгі факторларға тоқталды. Атап айтсақ, бірінші ол 68 млрд теңге сомасындағы еурооблигацияларды кері сатып алу екен. Бұл шара ұзақ мерзімді перспективада компанияның қаржылық тұрақтылығы үшін қажет. Екіншісі, компанияның қаржылық қызметі мен есептілігін реттеуге бағытталған, бұрын іске қосылған инвестициялық жобалар бойынша 54,6 млрд теңге сомасында резерв құру екен. Үшіншісі, 2019 жылы көрсетілген өткен жылдардың 34,3 млрд теңге сомасындағы шығындары. Осыған орай, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қалыптасып отырған жағдайдан оңтайлы шығу және іске асырудың стратегиясын әзірлеген. Ол бірінші кезекте ҚТЖ-ның операциялық тиімділігін арттыруға негізделген. Былтыр осы бойынша біраз шаралар іске асқан. Айталық, сала қызметкерлерінің санын арттыруға мораторий енгізіліп, жалға берілген барлық жүк вагондары кері қайтарылып, ҚТЖ-ның еншілес ұйымы Қазтеміртранс-тың операциялық басқаруына берілген.

Сонымен қатар, Компания басшысы шығыны көп профильді емес активтерден «құтылу» да қаржылық тұрғыда оң нәтиже бергенін жеткізді, мысалы, қазіргі кезде «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-ны Алматы облысының коммуналдық меншігіне беру кезеңі аяқталуға жақын екен. Ал 2020 жылы 4 активті шығару жоспарланған. Су көлігіне тиесілі кемелер Казмортрансфлотқа берілген. Жалпы 2029 жылға дейін ҚТЖ компаниясы құрамынан шығарылуы тиіс 28 активтің өткен жылы 12-сі шығарылған екен. Спикердің айтуынша, мұның бәрі компанияны қаржылық сауықтыруға бастап, күш-қуатын негізгі профильді қызметіне жұмсауға мүмкіндік берген.

САПАЛЫ СЕРВИС – ЖАҢА СТАНДАРТТАР

Жолаушылар тасымалына қатысты компания басшысы, өкінішке орай, сапасыз сервис, ескі вагондар, антисанитария, билет жетіспеушілігі, алыпсатарлық, пойыздардағы сыбайлас жемқорлық сынды арыз-шағым, наразылықтарды жиі естіп жататынын жасырмады.

– Өткен жылы жолаушылар тасымалының тиімділігін арттыруға арналған нақты шаралар қабылданды. 2020-2029 жылдар аралығында жылжымалы құрам паркін жаңарту және жаңғырту бойынша тұтас шаралар кешені жүргізілетін болады. Осы аралықта қызмет мерзімі біткен 945 ескі

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ



ЖҮК ТИЕУ ЕНДІ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің басты көрсеткіштерінің бірі жүк тиеу жоспарға сай орындалып отыр. Бөлімшеден көбіне мұнай, мұнай өнімдері, цемент, өндірістік шикізат және құрылыс заттары, ұн, азық-түлік тауарлары тиелуде.

Жан ПЕРДЕБЕК, Шымкент

Жалпы, жүк тиеу барысы мезгіл мен маусымға қарай құбылып тұратыны жасырын емес. Осы орайда, өткен жылы жүк тиеу қанша пайызға орындалды, жоспар орындалмай қалды ма, болса себеп қандай деген сауалдар туындары сөзсіз. Бөлімшенің логистика және тасымалдауды ұйымдастыру бөлімі берген мәліметтерге сүйенсек, 2019 жылы жүк тиеу жоспар бойынша 10 млн 919 мың тонна болса, ол 10 млн 832 мың тоннаға орындалып, жоспарлы көрсеткіштің 99,2% құраған.

Логистика және тасымалды ұйымдастыру бөлімінің басшысы Нұрлыхан Қанаевтың айтуынша, жылдың басында, яғни қыс маусымында цементке сураныс көп болмағанға ұқсайды. Айталық, «Шымкент цемент» және «Стандарт цемент» мекемелерінде жүк тиеу төмендеп кеткен.

– Осының салдарынан зауыттарға артылатын шикізаттың да көлемі азайып кетті. Тағы бір себеп, ұнға деген сураныс та күрт төмендеп кетті. Өздеріңіз білетіндей, бүгінде көрші Өзбекстанда жаппай ұн тартатын дйірмендер салынып, жұмысы жандана түсті. Сол себепті, соңғы жылдары ұн тиеу жылдан-жылға азайып келеді. Жалпы, ұн тиеу



вагон қолданыстан шығарылмақ. Өткен жылы біз жолаушы пойыздарының төрт құрамын ТВЗ технологиясы бойынша Тұлпар-Тальго өндірісінен шыққан қолайлы 91 жаңа вагомен жаңарттық. 2030 жылға дейін барлығы 500 вагон сатып алу көзделуде, жүз вагон биыл алынбақ. Сонымен қатар таяу төрт жылда 209 жолаушы вагонына күрделі-қалпына келтіру жөндеу жұмыстары жүргізілмек, 77 вагон биылғы жылы аталған жөндеу жұмысынан өтеді, – деген компания басшысы ескі вагондар мәселесі аяқасты шешіле салатын оңай шаруа емесін, сондықтан олардың жарамдысын күрделі жөндеуден өткізу арқылы пайдалануға тура келетінін жеткізді.

Сондай-ақ, ол сервисі жақсарту, вагондардағы антисанитариямен күрес бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып өтті. Айталық, вагондардағы санитарлық жағдайларды реттеуге қатысты жаңа стандарттар әзірленіп, тендер жарияланғанын және де биылғы мамыр айынан бастап ішкі клинингтік компаниялар қызметін пайдалануға көшетіндерін жеткізді. «Вагондардың сыртқы келбетіне, тазалығына қатысты біз жекеменшік кәсіпорындармен келісімге отырып, вагондарды сыртқы тазалығымен айналысатын үш нысан салуға тендер жарияламақпыз. Бұл жоба биыл жүзеге асады», – деп соны ақпаратпен бөлісті компания басшысы.

– Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап «Жолаушылар тасымалы» қоғамын басқаруға Deutsche Bahn неміс компаниясының мамандарын тарттық. Егер біз «Жолаушылар тасымалы» халықтың көңілінен шыққан, сервис деңгейі жоғары компания болғанын қалайтын болсақ, онда Еуропа құрлығындағы озық неміс компаниясының тәжірибесі артық емес. Шетелдік мамандардың міндеті – негізгі әдістерді, жаңа бизнес стандарттары мен әлемдік қызмет көрсету мәдениетінің стандартын енгізу болып отыр. Олар қазір осы іспен айналысуда, Жолаушы тасымалын-да енгізіліп жатқан жаңа стандарттар – осы шетелдік мамандардың қатысуымен жасалған жобалар. Сондай-ақ, «Жолаушылар тасымалы» компаниясын дамыту стратегиясының жобасы жасалды. Ең бастысы, біз осы мамандардың және тұтас Deutsche Bahn компаниясының қолдауымен жақсы шарттарда Патентос Тальго компаниясымен жұмысты аяқтауға қатысты мәмілеге келдік. Бүгінде біздің паркте олардың 570 вагоны бар. Олар қолданыста қала бермек. Осы вагондарға сервис көрсету шартын-да біз жеңілдіктерге, яғни қызмет көрсету бағасын төмендетуге қол жеткіздік. Бұл қаржылық жағынан ҚТЖ үшін өте тиімді болып отыр. Одан 2019-2030 жылдар аралығында күтілетін пайда 96,3 млрд теңге болса, соның ішінде тек 2019 жылы – 309 млн теңге, ал 2020 жылы – 4 млрд теңге, – деді Сауат Мұхаметбайұлы.

ЖЕҢ ҰШЫНАН ЖАЛҒАСУҒА ЖОЛ ЖОҚ

Басқарма төрағасы қоғамдық індеттің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қатысты да түсінік беріп өтті. Бұл мәселенің тамырына балта шауып, түбегейлі

жойып тастау бір күн немесе бір жыл мәселесі еместігін, алайда, 2019 жылы компанияда жең ұшынан жалғасарды құбылыстарды болдырмау мақсатында бірқатар шаралардың іске асқанын жеткізді. «Жұмысқа орналастырудың жаңа ашық схемасы әзірленді. Ол бойынша компания мен оның филиалдарына жаңа қызметкерлерді алу барысы орталық аппарат деңгейінде, толығымен орталықтандырылған. Қамтылуы – 57 мыңнан астам жұмыс орны. Орталықтандырылған жұмысқа алу аясында 1600-ден астам қызметкер еңбекпен қамтылды. Ал биыл ҚТЖ-ның барлық бизнес-бағытын қамтуды жоспарлап отырмыз», – деді Сауат Мыңбаев.

Сонымен қатар, «Жолаушылар тасымалы» АҚ өткен жылдың 1 шілдесінен бастап билеттер сатылуы қазақстандық «Мобиус» жүйесіне толығымен көшкенін, ал бұл жаңа жүйе билеттерді алып қайта сатуға мүмкіндік бермейтінін, яғни жаңа жүйе бойынша бос орындарды ұстап алуға шектеу қойылған, ол билеттерді Қуту парағы бойынша кезек тәртібімен сатып алу мүмкіндігі жасалғанын да жетістік деп бағалады.

– Біз жүк вагондарын басқаруда толық қағазсыз технологияға көштік. Қазіргі кезде барлық республика ішілік қатынаста электронды тасымалдау құжаттарын рәсімдеу 90% құрап отыр. Бұл тәжірибені кеңейте түспек ойымыз бар», – деген компания басшысы, өткен жылы барлық филиалдар мен еншілес ұйымдарда аудио және бейнежазбамен жаратқандырылған, жиһаздармен және ноутбуктармен жабдықталған арнайы кеңселер ұйымдастырылғанын, онда әлеуетті жеткізушілермен сатып алулар мәселелері бойынша келіссөздер, шағымдарды қарау, тағы басқа жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

«ЕҢБЕКАҚЫ ТӨМЕН ЕКЕНІН ЖАСЫРМАЙМЫН...»

Ұлттық компанияның өткен жылдағы қызметінен хабардар еткен Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев әдеттегідей журналистердің сұрақтарына да жауап берді.

Әлемді дүрліктіріп отырған коронавирус індеті Ұлттық компания қызметіне қалай әсер етті, қандай да бір шығынға ұшыратып отыр ма деген сауалға орай компания басшысы коронавирусқа байланысты Қытаймен екі ортада жолаушылар қатынасы тоқтағанын, ал жүк тасымалы жүріп жатқанын, сондықтан шекаралық бекеттерде екі арадағы жүк құрамдарын алмасу кезінде теміржолшылар мен локомотив бригадаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің барлық шаралары қабылданып, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жұмыс істеп жатқанын жеткізді. «Дегенмен, жүк айналымы төмендеп кетті. Мәселен, өткен жылдың ақпан айымен салыстырғанда Қытайдан келетін транзиттік контейнер көлемі 39% төмендеді. Өкінішке орай, бұл үлкен сома және ол ҚТЖ-ның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізбей қоймайтыны анық. Алайда, біз алдағы уақытта бұл індеттің таралуы сейілгенде, контейнер транзитін қуып жетіп, өсіруге барлық шараны қолданатын боламыз», – деді ҚТЖ басшысы.

Теміржол саласы қызметкерлерінің еңбекақысы соңғы рет қашан өсті және өсіру жоспарда бар ма? деген сұраққа Компания басшысы: «Еңбекақы мәселесі негізінен компанияның қаржы жағдайына байланысты. Компанияның қаржы жағдайы туралы жоғарыда айтып өттім. Қазіргі күрделі жағдайға қарамастан, биылғы 1 қаңтардан бастап жалақыны 5% көтердік. Оның үстіне, жалақының көлемі – тарифтік сметаға кіретін нәрсе. Ал бұл смета Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің бақылауында. Сондықтан жалақыны өсіру де агенттіктің шешімінде байланысты болмақ. Бүгінгі жалақының көлемі жаңағы тарифтік сметаға кіріп отырған жалақыдан да көбіректеу. Бірақ, мұның өзі аз және теміржолшылардың еңбекақысы төмен екенін жасырмаймын», – деп жауап берді.

Суретті түсірген Александр ЖАВЧУК

КӘСІБІ – НӘСІБІ

ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ



Дәурен Ергалиев – Жем станциясының мақтанышы. Небәрі 26 жасында Құрметті теміржолшы атанған оған қызығып қарайтындар көп.

Ақтөбе ЖТ бөлімшесіне қарасты Жем станциясындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету бекетінің вагон жөндеп қараушысы Дәурен Ергалиев бүгінде 45 жаста. Теміржол саласында 25 жыл еңбек өтілі бар. Тәуелсіздік алған тұстан бері болат жолдың бойында маңдай терін төгіп жүр. Еңбек кітапшасына да бір жазба, 20 жасынан теміржолға келген жас жігіт 26 жасында Құрметті теміржолшы атанды.

«Сол кезде екі мыңыншы жылдың мамыры айы болатын. «Ақтөбе-Алматы» бағытындағы жолаушылар пойызы бірінші жолға тоқтады. Вагондарды тексеріп қарап жүрдім. Бір вагонда ұрылған дыбыс екі рет жаңғырып-ен шықты. Тағы бір мәрте тексеріп, бір кілтіпан барына көз жеткізген соң шеберді, басшыларды шақырып, сараулау жұмыстары басталды. Ақауына көз жеткізілгеннен кейін вагонды дереу ағытып алдық. Сынық ішінде болған, өте қауіпті ақау деп танылды», – дейді Дәурен сол оқиғаны есіне алып.

Сол оқиғадан кейін жолаушылар пойызын қауіптен аман қалған ерлігі үшін вагон қараушы жігіт жастығына қарамай «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталады.

Жем станциясының вагон жөндеп қараушысы Дәурен Ергалиев әріптестерінің арасында да сыйлы, беделді. Еңбегі ер атандырған жігіт – бес бірдей бала тәрбиелеп өсіріп отырған бақытты отбасының басшысы. Мектепті бітірген үш үлкені де алтын белгі иегері, қазір үшеуі де Алматы-да жоғары оқу орнынан студенттері. Кейінгі екеу – мектеп оқушылары. Жұбайы – бәрінің бабын жасап отырған отбасының ұялытығысы.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе Суретті түсірген автор

МЕСЯЧНИК

ПРЕДОТВРАТИЛИ АВАРИИ

Четыре подтвержденных дефекта в тележках вагонов обнаружили осмотрщики Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) в ходе четырехмесячника «Контроль боковой рамы». Кроме того, на предприятии проходит еще один важный месячник – «Особый контроль – тормозное оборудование!». Такие мероприятия ставят своей целью предотвращение аварийных ситуаций на железной дороге.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Четырехмесячник «Контроль боковой рамы» начался 23 декабря прошлого года и продлится до 23 апреля нынешнего. Во время его проведения, по данным инструктора ВЧД-24 по автотормозам и буксовому узлу Нурлана Наурызбаева, выявлено два не подтвержденных в ходе расследования дефекта боковых рам, еще три находятся на расследовании в Усть-Каменогорском вагоноремонтном депо и четыре дефекта уже подтверждены в ходе расследования.

– Подтверждено четыре случая обнаружения дефектов в трех вагонах, поскольку в одном из них оказалось сразу две проблемы, – объяснил Нурлан Наурызбаев. – 21 января старший осмотрщик Самат Капаров выявил в зоне радиуса R-55 буксового проема боковой рамы следы сварочных работ. 22 января осмотрщик вагонов Бауржан Тун-



гатов – в боковой раме другого вагона раковину и следы сварочных работ. Эти дефекты обнаружены на ПТО станции Оскемен-1 и подтверждены в ходе расследования. А еще в двух случаях выяснилось,

что обнаруженные раковины не превышают эксплуатационных, небраковочных параметров. Соответственно, они не опасны. Такие не подтвержденные впоследствии дефекты обнаружили осмотрщики

на станциях Новоустькаменогорск и Серебрянка.

Нурлан Наурызбаев объяснил, что после обнаружения подозрительных раковин, сколов, следов сварочных работ вагонники направляют телеграммы собственникам вагона, а также на то предприятие, которое последним проводило обслуживание. После получения ответов направляют боковину для расследования в Усть-Каменогорское вагоноремонтное депо. Там ее проверяют с помощью дефектоскопного оборудования.

Четырехмесячник на территории Оскеменского эксплуатационного вагонного депо проходит на ПТО станций Шемонаиха, Зырянск, Серебрянка, Бухтарма, Риддер, КИПО Новоустькаменогорск. Мероприятия по контролю за боковыми рамами проходят ежегодно в период понижения температуры наружного воздуха, когда возникает больше случаев излома литых деталей тележек грузовых вагонов.

